

"Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау курстарын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 24 ақпандығы № 88 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы"

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 24 мамырдағы № 255 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 маусымда № 22895 болып тіркелді

БҮЙЫРАМЫН:

1. "Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау курстарын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 24 ақпандығы № 88 бүйрығына (Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6828 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 109-110 санында жарияланған (26530-26531) өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бүйрықпен бекітілген Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау курстарын ұйымдастыру қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсат етілген жүргізушілерді арнайы қайта даярлау, тиісті емтихандардан өткізу кемінде бес жылда 1 рет жүргізіледі.";

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Тиісті оқу курстарында оқуды сәтті аяқтаған жағдайда тыңдаушыларға пластиктен жасалған ISO 7810:2003 ID-1 стандарты бойынша мөлшері бар карта нысанындағы күәліктер беріледі. Түсі ақ, қарпі қара. Күәлікке қосымша қорғаныс элементі қолданылады, мысалы, голограмма, ультракүлгін сөуледе ғана көрінетін суретті басып шығару немесе гильошир үлгісі.

Өздеріне қатысты берілген күәлік шын мәнінде берілген қауіптілік сыйыптарын айқындау бағандарындағы белгілер оқыту жүргізілген сыйыптарды көрсету арқылы жүргізіледі.";

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35. Күәлікті қайта шығару күәліктің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бір жыл ішінде өткен тиісті оқу курстары бойынша емтихандарды табысты тапсыру (емтихан сұрақтарына жауаптардың 70% және одан да көп дұрыстығы кезінде) негізінде жүргізіледі.

Бұл ретте тыңдаушы жарамдылық мерзімі алдыңғы күеліктің жарамдылық мерзімі өткен күннен басталатын тиісті күеліктер береді".

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Көлік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрі*
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Б. Атамкулов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК